

1) 15 August 2013; Mr. Kipshakbaev gave an interview to the newspaper "Ekonomika" ("Economics") in Kazakh language: www.economkaz.kz

Нариман ҚЫПШАҚБАЕВ: СУ – БҮКІЛ АДАМЗАТҚА ОРТАҚ ИГІЛІК

14-Тамыз, 2013 [Билік](#) 51 рет оқылды



Қазіргі мыңжылдықтағы күрделі мәселенің бірі болып отырған су тапшылығы әлемнің бірқатар аймақтарында экологиялық жағдайдың нашарлауына, көлдер мен өзендердің тартылып, халықтың арасында ауру-сырқаудың өсуіне әкелді. Су тақырыбының көптеген халықаралық және аймақтық конференцияларда, оның ішінде былтыр Марсельде өткен Дүниежүзілік су форумында талқылануы бұл мәселенің бүгінгі таңда қаншалық маңызды болып отырғандығын көрсетеді.

Осыған орай Мемлекетаралық сушаруашылық үйлестіру комиссиясы ғылыми-ақпараттық орталығы Қазақ филиалының директоры, Қазақстан су серіктестігі қоғамдық қорының төрағасы, Қазақ КСР-ы кезіндегі мелиорация және су шаруашылығы министрі, профессор Нариман ҚЫПШАҚБАЙҰЛЫМЕН әңгімеміз трансшекаралық су көздерін пайдалану және қорғау төңірегінде өрбіді.

– Біріншіден, Қазақстан көршілес елдердің бәрімен трансшекаралық өзендер суларын ортақ пайдаланып, бірлесіп қорғау туралы келісім-шарттар жасады. Мысалы, үш мың жылдық тарихы бар Қытай кейбір елдермен осы күнге дейін мұндай келісімдер жасамаған. Сондықтан көршілес мемлекеттермен тіл табысып, ортақ су қорларын бірлесе отырып басқару жөнінде келісімдерге қол қойылуы – Қазақстанның тәуелсіздік жылдарында қол жеткен үлкен табыстарының бірі. Ал, енді екінші мәселе – сол келісімдердің орындалуы. Ол әр саладағы институционалдық органдардың жұмысына, мәселен, қаржы, экономика, су саласындағы институттардың қабілет-қарымына, жұмыс істеу деңгейіне байланысты. Жалпы қазір су саласында сауаттылық шамалы екендігі көп жағдайда байқалып қалады. Менің айтайын дегенім, су саласының келешегін, күрмеулі мәселелерін айналдырған 2-3 жылдың ішіндегі болымсыз ақпарат негізінде болжап-зерделеуге, тұғырлы шешімдер алуға болмайды. Саладағы үрдіс, су қорлары өзгерісі қандай, нақты ахуал қалай деген жағдайлардың бәрін бақылап, бағамдап отыруға бұл аздық етеді. Бұлай жұмыс істеу мүмкін емес.

Су – тіршілік көзі. Яғни тұрақты экономикалық даму – сумен тұрақты қамтамасыз етілуге тікелей байланысты. Мысалы, күніне әр адам 150-200 литрге дейін су пайдаланады. Ал

жеңілі-ауыры бар өндіріс атаулы, ауыл шаруашылығы сусыз бір күн жұмыс жұмыс істей алмайды, тоқтайды, тоқырайды. Сондықтан осы салада істейтін мамандардың, әсіресе, жұмысты ұйымдастыратын басшылардың кәсіби білім-біліктілігі мен қабілеттілігіне бірінші кезекте назар аудару керек. Бұрын қайсы бір салада болмасын басшылық жұмысқа келер баспалдақ төменнен басталатын. Өйткені сол кәсіптің жілігін шағып, майын ішкен мамандар тізгінді қолға алған шаруаның шатқаяқтай қоюы екіталай. Бізде осы тұрғыда кемшілік бар екенін айтқым келеді.

– Бұл еліміздегі су қорларын басқару жүйесінің тиімсіздігіне де байланысты болса керек. Су қорлары үшін жауапкершілік жүктелген комитет бір министрліктен екіншісінің қолына көшіп-қонумен жүрсе, одан қандай нәтиже күтуге болады?

– Су қорының жетіспеушілігі қай елде болмасын, оны басқару жүйесінің тиімсіздігі нәтижесінде күрделене түсері сөзсіз. Бұл экономиканың көптеген секторларында, сондай-ақ аймақтарда су тапшылығын туғызады. Сондай-ақ су қорларының ластануы тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз етуге және өмір сүру деңгейін жақсартуға кері әсер етері анық. Биыл ақпан айында халық шаруашылығын басқару ісін жетілдіру жөнінде Президент жарлығы шықты. Бүгінге дейін су қорлары комитеті ауыл шаруашылығы министрлігінің құрамында болып келгені белгілі. Иә, ауыл шаруашылығы – үлкен, күрделі, Қазақстан үшін маңызды саланың бірі. Бірақ суды ең көп пайдаланатын сала. Ал су деген – бар салаға, ауыл шаруашылығына да, өндіріске де, қалаға да, далаға да ортақ ресурс. Сондықтан аталған жарлығы бойынша Президент бұл саланы басқаруды ауыл шаруашылығына бергеніміз дұрыс емес деп шешті. Енді еліміздегі су қорын басқару, қорғау және пайдалану міндетін республикалық деңгейдегі өкілетті орган – Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің су қорлары жөніндегі комитеті және оның су шаруашылық басқармалары жүзеге асырады. Құрылымдық өзгерістердің нәтижесінде су шаруашылығы кешенін басқарудың көп деңгейлі жүйесі қалыптасты, бұл: мемлекетаралық, мемлекеттік; бассейндік және аумақтық басқару деңгейлері. Бұл өте дұрыс шешім болды. Өйткені суды ең көп пайдаланатын саланың қолына басқару тізгінін беру – қалғанының мүддесіне нұқсан келтірмей тұрмайды. Ал су да – қоршаған орта. Оның тазалығы, өсіп-өнетін биологиялық әр алуан түрлердің қорғалуы, экологиялық ахуалы тұрақты назарда болуы тиіс.

Сонымен қазіргі кезде елімізде су көздерін қорғау, су шаруашылығы кешенін қалай жолға қоямыз деген мәселе біршама реттеліп, жаңаша көзқарас қалыптасты. Оның ішінде трансшекаралық өзендер мәселесіне де өте қатты көңіл бөлініп отыр. Мәселен, біз күні кеше барып келдік, Қытаймен екіарада трансшекаралық су көздерін қажетімізге қалай бірігіп жаратамыз, қалай қорғаймыз деген тақырып салмақты әңгіме өзегі болды министрлікте. Онда осы мәселеге қатысы бар салалардың, заң, сыртқы істер министрлігі өкілдері, ғалымдар, білікті мамандар бас қосып, Қытаймен қарым-қатынастағы Қазақстан жағының ұстанымын, ортақ шешімін айқындауға күш салды.

Сондай-ақ осыдан он шақты күн бұрын Атырау қаласында Қазақстан мен Ресей арасындағы мемлекетаралық су комиссиясының отырысы өтті. Онда да бүгінгі күн тәртібінде тұрған өзекті мәселелер, олардың шешімін бірлесе отырып табу жолдары қаралды. Жалпы еліміздің батыс аймағында, Маңғыстау, Атырау облыстарында су тапшы. Қазір Жайық өзенінің де жағдайы онша жақсы емес. Осының салдарынан күні ертең көрші екі ел қиындыққа ұшырамауы, су жетіспеушілігін болдырмау үшін бүгін не істеу керек, қайткенде Жайық деңгейін көтереміз деген мәселе де осы отырыста екі тараптың тұрғысынан кең талқыланды.

Каспий бассейні аймағындағы Маңғыстау, Атырау, Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстары құрамына кіретін бассейндік кеңес құрылған. Кеше ғана, 13 тамызда Жайық – Каспий бассейндік кеңесі болып өтті, онда Маңғыстау облысын сумен қамтамасыз ету тұжырымдамасы, Қиғаш – Маңғышлақ су торабы, Су кодексіне өзгертулер енгізу және т.б. өзекті мәселелер қаралды. Жыл сайын өтіп тұратын кең ауқымды «Каспий күні»

басқосуының мақсаты – жұртшылықтың және халықаралық қоғамдастықтың назарын экологиялық мәселелерге аудару. Мәселен, биыл тамыздың 9-12 күндері Ақтау қаласында Каспий күні аясында «Биоресурстарды сақтаудың өзекті мәселелері» тақырыбына арналған халықаралық экологиялық форум өтті. Каспий күні Қазақстанда ғана емес, теңіз бойындағы бар мемлекетте – Әзірбайжан, Иран, Түркіменстан және Ресейде де өткізіліп келеді. Ортақ мақсат – Каспий сынды бірегей су қорын қорғау, қажетке қарай пайдалану, ысырапқа, ластануына жол бермеу, болашақ ұрпаққа барынша таза сақтап жеткізу мәселесіне баршаның назарын аудару, санасын ояту, жауапкершілігін көтеру. Өйткені, қазіргі күні су қорларының жағдайы тек мемлекеттің айналысатын шаруасы болмай қалды.

Судың қоры өспейді, Жаратқан әу баста қалай, қанша берді адам баласына, солай қалады. Ал сұраныс қоғамның дамуы, экономиканың өсуіне орай жыл сайын арта түсуде. Сондықтан су қоры әуелден тапшы елдерде сумен қамтамасыз ету көкейкесті мәселенің бірі болып отыр бүгінде. Бар тіршіліктің көзі, осынау аса маңызды өмірлік ресурс Қазақстанда баршылық болғанымен, республиканың кейбір аймақтарында тым аз. Сондай-ақ кеңбайтақ елімізде жер үсті және жер асты суларының біртегіс бөлінбей отырғандығын да ескеруіміз қажет. Тіпті су қоры жеткілікті болғанның өзінде, пайдалануға жарамды бола бермейді. Осы тұрғыдан келгенде су елдің одан әрі дамуында тежегіш фактор болуы мүмкін. Бұл бізде де, көрші мемлекеттерде де орын алуы әбден мүмкін жағдай. Ендеше су көздерінің ахуалына жауапкершілік мәселесінен су пайдаланушылар мен тұтынушылар да тыс қалмауы тиіс. Суды есеппен жұмсау, ластамау, оны үнемді пайдалану үшін жаңа әдістер мен технологияларға көшу, мейлі ол өндірісте, ауыл шаруашылығында, иә қалада-далада болсын, су пайдаланушылардың бәріне қатысты. Сондықтан қазір заңға сәйкес біздегі сегіз өзен торабының әрқайсысында бассейндік кеңес құрылған. Оған барлық су пайдаланушылар қатысады. Олардың белгіленген мөлшерде су алуы, үнемді пайдалану үшін жаңа технологияларды өндіріске енгізуі, қай өзен суы таязыды, неге, ертеңгі жағдай қалай болады, міне, осы жәйттер аталған тұрақты кеңестерде қаралып, жауапкершілік сұралып, судың да сұрауы бар екендігіне қатаң назар аударылады.

Су – планетамыздағы тіршіліктің негізі, оны басқа ештеңемен ауыстыру мүмкін емес. Жер бетінің 70 пайызын су алып жатқанымен, оның 1 пайызы ғана ішуге жарамды. Оның үстіне жыл сайын жер шары халқының саны және өндірістің өсе түсуіне қарай су тұтыну көлемі де ұлғайып, дүние жүзінде сумен қамтамасыз ету де қиындай түсуде.

Су – өмірдің негізі, ол – экология, — экономика, — саясат. Жер шарындағы кез келген мемлекет үшін су бірінші кезектегі мәселе болып саналады. Суды дұрыс пайдалану арқылы әр мемлекет өзінің даму болашағын айқындайды. Қалыптасқан мемлекеттің жаңа кезеңдегі саяси бағытын айқындаған «Қазақстан – 2050» стратегиясына сәйкес, алдымызда әлемнің дамыған отыз елінің қатарына қосылу міндеті тұр. Ол экономикалық дамуды одан әрі көтеру, халықтың әл-ауқатын жақсарту мақсатын көздейді. Яғни тұрақты экономикалық даму қажет. Ал бұл міндеттің орындалуы бар саланы сумен тұрақты қамтамасыз етуге тікелей байланысты.

Осы жерде жыл сайын күрделене түсіп отырған су мәселесіне қатысты маман ретінде мына бір жәйтке назар аударғым келеді. Елімізде 16 млн шамасында халық – қарапайым су тұтынушы бар. Оның әрқайсысы күніне су ішеді, тұрмыс-тіршілігіне жаратады. Мысалы, Алматы шаһарында әр адам күніне 150-250 литр көлемінде су пайдаланады. Ал әлемде қазір әр адамға күніне үш-ақ литрден су келетін елдер бар. Күнделікті бар тірлігіңе осы 3 литрді жеткізуің керек. Міне, жағдайдың қалай қиындап отырғанын осыдан-ақ бағамдай беріңіз. Біз болсақ, әлі күнге «құдайдың қара суын аяп не болды» деген түсініктен арыла алмай келеміз. Бұл кертартпа психология.

Болашақта бізге ешқайдан су келмейді. Қырғыз да, өзбек те, ешбір көрші ел бізге бір грамм артық суын бермейді. Бұл тұрғыда бізде түсінбестік әлі де көп. Сондықтан мен су тұтынушы әр адамның суға деген көзқарасын өзгертуі, өзінің жеке жауапкершілігін сезіне білуі қажет дер едім. Осы тұрғыда су мамандарын даярлайтын оқу орындарында ғана емес, мектеп қабырғасынан бастап судың сұрауы бар дегенді санаға сіңіру, барлық оқу-өндірістік үдерістер барысында суға есеп, үнем қажеттігі туралы жаңа көзқарасты қалыптастыруға тұрақты түрде көңіл бөлінуі тиіс. Қазіргі таңда бүкіл әлемді алаңдатып отырған жаһандық мәселенің үлкені – су жетіспеушілігін біз де дамуымызды тежеуші, өмір деңгейі мен сапасына кері әсер етуші жағдай ретінде түсініп, бұл мәселеге тереңірек қарағанымыз жөн. Өйткені, су – біздің ортақ болашағымыз. Адамзат баласының алтын бесігі – Жер-ананың ертеңі суға байланысты.

– Бүгінде Ертіс пен Іленің суы таязуы «Батысты игеру» желеуімен бұлардың жоғарғы ағарындағы өзендерді шектен тыс пайдаланып жатқан Қытай қарекетінің нәтижесі дейді сарапшылар. Осы мәселеге байланысты не айтар едіңіз?

– Траншекаралық өзендер аумағынан өтетін әр мемлекет өз жеріндегі су қорын пайдалануға қақысы бар, әрине. Бірақ бұл өзгені ескермеу деген емес. Өзен бастауын бір елден алса, аяғы қайда жеткенше, ондаған елді басып өтер бәлкім, аға береді. Оған шекара құра алмайсың. Мысалы, Сырдария төрт мемлекеттің аумағынан өтеді. Әр мемлекет өз шекарасындағы суды пайдаланады. Алайда біздің әрқайсымыз өз жеріндегі суды бар керегімізше пайдаланамын, өзгелерде шаруам жоқ деп қарауға болмайды. Өйткені, су – бүкіл адамзатқа ортақ игілік. Сондықтан траншекаралық су көздерінің жағдайы мемлекетаралық келісімдермен реттеледі. Мемлекеттер ортақ суды орынды пайдалану, өзінің ғана емес, өзгенің де қажеттілігін ескеру, экономиканың өсуін, экологиялық ахуалдың өзгерістерін болжап-бағамдау, нақты дәлелдеу арқылы ортақ мәмілеге келуі тиіс. Осы орайда ортақ игілікті ешкімнің мүддесіне нұқсан келмейтіндей қалай бірігіп тиімді пайдаланымыз деген мәселені сол елдердің мамандары бірлесе отырып ойластырып-негіздеуі, үкіметтер деңгейінде келісе жүзеге асыруы керек.

Біздің еліміз бен қытай арасында траншекаралық өзен мәселесі туралы жасалған мемлекетаралық келісім бар. Дегенмен оның бүгінгі орындалу жайы Қазақстан үкіметін де ойландырмай отырған жоқ. Қытай – БҰҰ-ның «Халықаралық көлдер мен траншекаралық су көздерін пайдалану мен қорғау туралы» конвенциясына қосылмаған ел. Қай елмен де болмасын арада жасалған келісімнің орындалуы, істің нәтижелі болуы оған жауапты өкілетті органдардың біліктілігін, тынымсыз жұмыс пен ел мүддесін қорғауда мұқалмас ерік-жігерін қажет етеді. Су, оның ішінде траншекаралық өзендер жағдайы үшін жауапкершілік – аса күрделі мәселе. Бұл жерде шалақ ойлап, шорт кесу, асығыстыққа бару жақсылық әкелмейді.

Жоғарыда айтқанымыздай, су – баршаға ортақ игілік. Олай болса, суды саясатқа айналдырмау керек. Былтыр Францияның Марсель қаласында өткен дүниежүзілік су форумында әлемнің бар елінен жиналған марқасқа мамандар осы мәселені көтерді. Су ресурстарын пайдалану, реттеу және қорғауға саясат араласпауы керек деген ұстанымға келді.

– Нариман аға, бүгінде еліміздің жер асты су қорлары зерттеліп-ізвестіріліп болды деп айта аламыз ба? Ішуге жарамды су қоры бізде қаншалық?

– Ахметсафин атындағы ғылыми-зерттеу институты жер асты су қорын біршама зерттеді. Қазіргі күнде табылған су қоры негізінен ауыз суға пайдаланылады. Қазір еліміздің жалпы су қоры ішінде жер асты суы қанша дейтін болсақ, бұл көрсеткіш 10 пайыздан аспайды. Бұл бір, екіншіден жер асты суының қатарында жер бетіндегі өзендердің, яғни бір судың екі рет есептеліп кетуі де мүмкін. Осы жағын да ескеруге тиіспіз.

Су – планетамыздағы тіршіліктің негізі, оны басқа ештеңемен ауыстыру мүмкін емес. Жер бетінің 70 пайызын су алып жатқанымен, оның 1 пайызы ғана ішуге жарамды. Оның үстіне жыл сайын жер шары халқының саны және өндірістің өсе түсуіне қарай су тұтыну көлемі де ұлғайып, дүние жүзінде сумен қамтамасыз ету де қиындай түсуде. Бұл орайда

ащы суды тұщыландыру тәжірибесі біздің елімізде бар. Мәселен, Маңғыстау облысында Каспий теңізінің суын тұщы суға айналдыру арқылы Ақтау қаласы жарамды сумен қамтамасыз етіліп отыр. Сонымен қатар су қоры тапшы осы аймаққа Еділ мен Жайық суы әкелінуде. Бірақ өңірдің бүгінгі даму жағдайында ол тым аз. Осы өзендерден келетін су мөлшерін көбейту қажеттігі туралы мәселе жергілікті және республикалық деңгейде айтылып келе жатқанмен, оның шешімі – күрделі қаржыға тіреліп тұр. Алайда мұнай-газ секілді жер асты байлығымен ел экономикасын ұстап тұрған суы тапшы осынау өңірге оны жеткізу қымбатқа түседі деу, меніңше, ақылға қонбайды.

Ал, жалпы ауыз су мәселесіне байланысты көршілерімізбен салыстырғанда Қазақстанда жүргізіліп жатқан жұмыстар ауқымды. Мемлекеттік «Ақ бұлақ» бағдарламасы жүзеге асырылуда. Бұл тұрғыда үкімет қаржыдан таршылық жасап отырған жоқ. Алдағы 10-15 жылдың ішінде ауылдық жерлерді ауыз сумен қамтамасыз етуді 100 пайыз болмағанмен, сексен пайызға жеткізу жоспарда бар. Осы жерде тағы айтпағым, ең бастысы – қағаз бетінде қалмайтындай жақсы жоба жасау және оны тиынақты іске асыру, басталған істі ойдағыдай аяғына жеткізу. Бізге көп ретте осы жағы жетіспей жатады.

– Жыл сайын күрделене түсіп отырған су қорларының жағдайына жауапкершілік салмағы, қалай айтсақ та алдымен сала мамандарына түсері анық. Осыған сай мамандар даярлау және олардың салаға баруы, яғни мамандыққа адалдығы жөнінде айтып өтсеңіз?

– Мамандар даярлау ісіне мемлекет тарапынан жақсы көңіл бөлініп отырғандығын атап өткен абзал. Бүгінде жыл сайын 150 мемлекеттік грант бөлінеді. Бұл жыл сайын 150 бала оқуға түсіп, үкімет қаржысымен төрт жыл оқып, мамандық алып шығады деген сөз.

Олардың басым бөлігі Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ және Ұлттық аграрлық университетінде оқып, білім алады. Ал осы студенттерге бүгінгі күн талабына сай білім беруге біз, оқытушылар қауымы, дайынбыз ба. Әлде сол баяғы консервативті көзқарас құрсауынан шыға алмай отырмыз ба? Білім ордаларының оқу-өндірістік және тәжірибелік бағдарламалары қандай деңгейде, білікті маман даярлауға қабілет-қарымы жеткілікті ме? Бүгінгі таңда басты мәселе, міне, осында.

Ал түлектердің алып шыққан мамандығына орай жұмысқа орналасуы бірқатар жәйттерге байланысты. Су ресурстарын басқаруда жүйе болмаса, бітірген маман кімге керек. Оның есебін, сұрауын кім талап етіп, іздеп жатыр. Студенттердің өндірістік тәжірибеден өтуі, ертең оқу бітіргенде қайда баратыны белгілі болуы керек. Меніңше, бұл мәселе үкімет тарапынан реттеліп, бір жүйеге келтірілуі тиіс. Сонда ғана біз су мәселесі сынды күрделі де өмірлік маңызды саланың күрмеулі мәселелерін шешуге батыл қадам жасай аламыз.

– Әңгімеңізге рахмет.

**Сұхбатты жүргізген
Рымтай САҒЫНБЕКОВА**

2) On 4 September 2013; Mr. Yessekin gave an interview to “EKOIS” (Ecological Information Service) in Russian language: “When our economy will be "green"? Kazakhstan develops new model of development”
<http://www.ekois.net/wp/?p=12784>

3) Here you'll find a TV-story about water resources with Mr. Kipshakbaev (Kazakh TV):
<http://kazakh-tv.kz/ru/programms/viewArchive?id=1402>.

4) “Water is a Gift of the God”; Interview with Ms. Nino Chkhobadze, CWP-Georgia, and Mr. George Tsagareishvili, Parliamentarian, in the newspaper "Komsomolskaya Pravda v Gruzii" ("Komsomol Truth in Georgia") in Russian language, 25 April - 2 May 2013



5) NPD profile: Georgia by Mariam Makarova and George Dzumukashvili (UpDate on National Policy Dialogues in Eastern Europe, the Caucasus and Central Asia, July 2013, Issue 6 (attached)

6) The Chairman of CWP-Armenia Ms. Arevic Hovsepyan gave an interview to the TV channel "Kentron" ("Center") within the Program "Ecologic" (in Armenian).
<http://www.youtube.com/watch?v=ZQxLkULL51c>

7) Another interview (in Armenian language) dedicated to the Water Day by Ms. Arevic Hovsepyan (attached)
<http://www.aravot.am/2013/03/25/218839/>